

Тендер өткізу туралы хабарландыру

«Атырау Жарық» АҚ 2022 жылға арналған тендер арқылы конкурс әдісімен сатып алу туралы хабарлайды :

Лот №70 «Жанар-жағар май».

Атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Бағасы теңге ққс-сыз	Сумма теңге ққс-сыз
АИ-92 бензин	л	940 000,00	151,786	142 678 840,00
АИ-96 бензин	л	6 200,00	187,5	1 162 500,00
Дизель отыны	л	840 000,00	205,356	172 499 731,00

Тауардың жеткізетін орны: техникалық сипаттамасына сәйкес ;

Жеткізу мерзімі : техникалық сипаттамасына сәйкес ;

Лот бойынша тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуға бөлінген қосылған құн салығын есепке алмағанда, барлық шығыстарды ескере отырып, оның ішінде тасымалдау мен сақтандыруға, кедендік баждарды, салықтарды, алымдарды және басқаларды төлеуге бөлінген теңгедегі жалпы сома: 316 341 071,00 теңге ҚҚС-сыз.

Төлем шарттары: Тапсырыс беруші тауар үшін ақшалай қаражатты Мердігердің есеп шотына аудару жолымен, тауарды ұсынған факті бойынша, Мердігердің фактура-шотының негізінде 360 банктік күн ішінде төлейді.

Әлеуетті өнім беруші тендерлік өтінімді ұсынған кезде сонымен бір мезгілде оның тендерлік өтінімде ұсынған сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер құнының 1% (бір) мөлшерінде кепілді қамтамасыз етуді тендерлік құжаттамада көзделген нысанда, тәсілмен және шарттармен енгізеді.

Тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді енгізу деректемелері: «Қазақстан Халық банкі» АҚ №KZ546017141000001097, БСН 010940000291, БСК KSBKKZKX. Төлем мақсатында көрсетіледі: «№70 лот бойынша тендерге қатысу үшін кепілдік жарна»

Әлеуетті өнім берушілердің тендер (конкурс) өтінімдері Атырау қ., Махамбет к., 110а, 3 қабат, экономикалық анализ бөлімі кабинетінде 24 желтоқсан 2021ж. сағат 12.30 дейін қабылданады.

Тендерлік (конкурс) өтінімдері бар конверттер Атырау қ., Махамбет к., 110а, акт залында 24 желтоқсан 2021ж. сағат 15.00 ашылады.

Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасына сәйкес тендерлік (конкурс) өтінімді, сатып алу туралы шартты жасасу және ұсыну тіліне қойылатын талаптар: тендерлік өтінім қазақ немесе орыс тілінде ұсынылсын.

Қосымша ақпараттар: Әлеуетті өнім берушінің ҚР «Табиғи монополиялар туралы» Заңының 23-бабының 9-тармағының талаптарына сәйкестігін тексеру мақсатында сатып алу шарасына қатысуға мүдделі тұлғалардың хатшыға, өтінім бергенге дейін төмендегі ақпаратты ұсынуын сұраймыз: **Компания атауы, Компанияның БСН-і, Басшының ТАӘ және басқалары**

«Атырау Жарық» АҚ, E02E5D8, ҚР, Атырау қ., Махамбет к., 110а сайт: jaryk.kz

Тендер (конкурс) комиссиясының хатшысы: Жемісқалиева Нүргүл Ахмедиярқызы - материалдық-техникалық жабдықтау бөлімінің инженері , тел:87789258902, эл.почта: office@jaryk.kz

Қосымша жалғанды:

1. сатып алынатын тауарлардың техникалық сипаттамасы;
2. шарт жобасы.

«Атырау Жарық» АҚ президенті



Кенжалиев С.Ф.

« 8 » 12 2021ж.